

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Энергетика және машина жасау институты
Энергетика кафедрасы

Асанов Аян Ғабитұлы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін оңтайландыру»

6B07100-«Энергетика»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Энергетика және машина жасау институты
Энергетика кафедрасы

КОРГАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра менгерушісі
PhD докторы, қауым., профессор
_____ Е.А. Сарсенбаев
«____ » _____ 2023 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін оңтайландыру»

6B07100-«Энергетика»

Орындаған
Пікір беруші

(қолы)
«____ » _____ 2023 ж.

Асанов А. Ф.
Ғылыми жетекші
Т.ғ.д., профессор
_____ А.Б.Бекбаев
(қолы)
«____ » _____ 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

К.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

6B07100-«Энергетика»

БЕКІТЕМІН

Кафедра менгерушісі

PhD докторы, қауым., профессор

Е.А. Сарсенбаев

«___ » 2023 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Асанов Аян Габитұлы

Тақырыбы «Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін оңтайландыру»

Университет ректорының бүйірігімен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі _____.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

a) Электрмен жабдықтау;

ә) MatLab ортасында компьютерлік модельдеу;

б) Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын техника-экономикалық жағынан салыстырып таңдау;

Сызбалық материалдар тізімі: Сызбалық материалдар слайдпен көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 15 атап

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу		
Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін MatLab ортасында компьютерлік модельдеу		
Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын техника-экономикалық жағынан салыстырып тандау		

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу	Т.ғ.д., профессор А.Б.Бекбаев		
Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін MatLab ортасында компьютерлік модельдеу	Т.ғ.д., профессор А.Б.Бекбаев		
Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын техника-экономикалық жағынан салыстырып тандау	Т.ғ.д., профессор А.Б.Бекбаев		
Норма бақылау	Бердібеков Ә.О.		

Ғылыми жетекші _____ А.Б.Бекбаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Асанов А. Г.
 Күні «_____» 2023 ж.
АНДАТПА

Дипломдық жұмыста «Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін оңтайландыру» тақырыбы бойынша келесі бөлімдер қарастырылған: жарықтандыру жүктемелерінің және күштік жарықтандыру жүктемелерінің есеп-қисабы, қосалқы станция күш беретін трансформаторларының қуаттылық таңдау, қысқа түйікталу токтарының есеп-қисабын тексеру және зауыттың электр жабдық таңдау, жоба техника-экономикалық көрсеткіштері, еңбек электр қауіпсіздігі және қосалқы станцияның жерге түйікталуары .

Негізгі назар электр жүктемелерінің есеп-қисаптарын компьютерлік модельдік нұсқасын MatLab ортасында компьютерлік модельдеу, құру және жабдықтарды тексеруі және таңдауы.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе на тему «Оптимизация системы электроснабжения объекта» были освещены следующие разделы: расчет электрических нагрузок и силовых нагрузок завода, проверка и выбор мощности силовых трансформаторов подстанции, расчет токов короткого замыкания, проверка и выбор электрооборудования завода, технико-экономические показатели проекта , электробезопасность труда.

Главное внимание на расчеты электрических нагрузок разработали варианты моделей с помощью компьютерной программы MatLab.

ANATATION

In this thesis on the topic "Optimization of the facility's power supply system", the following sections were covered: calculation of electrical loads and power loads of the plant, checking and selecting the power of substation power transformers, calculation of short-circuit currents, checking and selecting electrical equipment of the plant, technical and economic indicators of the project, electrical safety of labor.

The main attention is paid to the calculations of electrical loads, variants of models have been developed using the MatLab computer program.

МАЗМҰНЫ

Kіріспе	7
1 Алматы вагон жөндеу зауытының технологиялық процесі	8
1.1 Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы	8
1.2 Цех және зауыт территориясы бойынша вагондардың өтуінің қысқаша схемасы	8
1.3 Өндірістік құрылым	9
2 Электрмен жабдықтау	15
2.1 Зауыт бойынша электр жүктемелерін санау	15
2.2 Реактивті қуаттың компенсациялауы	17
2.3 $Q_{ТКБ}$ ТКС-н реактивті жүктемесі	20
2.4 10,5кВ шинадағы жүктемені санау	21
2.4.1 Куат шығындары	21
2.4.2 СК есептік қуатын анықтау	22
2.4.3 БТКС 6,3 кВ шинадағы реактивті қуат қарымталуы	23
3 Арнайы бөлім. Нысанның электрмен жабдықтау жүйесін оңтайландыру	25
3.1 MatLab ортасында компьютерлік модельдеу	25
3.2 Зауыт цехтары бойынша күштік жүктемелерді модельдеу	26
4 Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын техника-экономикалық жағынан салыстырып таңдау	33
4.1 Есептік бөлім	33
4.2 Нұсқаларды экономикалық тиімділігіне салыстыру	45
4.3 Кернеуі 10,5 кВ жабдықтарын таңдау және қыска түйіқталу токтарын есептеу	45
4.3.1 БТКС шинасында қыска түйіқталу тоғын есептеу	45
4.3.2 Ажыратқыш таңдау	48
4.3.3 Алыстатылған желілердегі ажыратқышты таңдау	52
4.3.4 ТКС-ға жүктеме ажыратқышын таңдау	53
4.3.5 ТКС-ға автоматты ажыратқышты таңдау	53
4.3.6 Ток трансформаторын таңдау	53
4.4 Кернеу трансформаторын таңдау	60
Қорытынды	61
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	62

KІРІСПЕ

Алматы вагон жөндеу зауыты Алматы қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. «Алматы вагон жөндеу зауыты» Акционерлік Қоғамының негізгі жұмысы жолаушылар тасымалдау вагонының барлық түрін жөндеу болып табылады, соның ішінде: деполық, қурделі, қурделі-калпына келтіру, қурделі қызмет мерзімін ұзарту, сонымен қатар калпына келтіру, жөндеу және жолаушылар вагонының бөлшектерін және түйіндерін жасау, керекті деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Зауыттың құрылышы 1942 жылдан 1946 жылға дейін жоба бойынша, норма бойынша және соғыс уақытының шарттарына байланысты вагондарды ықшамдалған жөндеу технологиясымен және цехтардың жайғасуы бойымен қарапайым шешімдерімен жүзеге асырылды.

Дипломдық жұмыстың өзектілігі: 0,4 кВ зауыт цехтары бойынша жарық жүктемелерді және құштік жүктемелерді есептеу, зауыт цехтарын ТКС жинақтау есептерінің компьютерлік моделі Matlab бағдарламасында құрылышп көрсетілген Matlab. Бұл модельдің тиімді жағы басқа зауытты электрмен жабдықтайдын болсақ, осы модельге есептелетін зауыттың бастапқы берілулерін енгізе салу арқасында керекті құштік, жарықтандыру жүктемелерінің мәндерін ала салуға болады.

Simulink – динамикалық жүйелерді модельдеуге, имитациялауға және анализдуге арналған интерактивті құрал. Ол графикалық блок-диаграммаларды түрғызуға, динамикалық жүйелерді имитациялауға, жүйелердің жұмыс қаблеттілігін зерттеуге және жобаларды дамытуға мүмкіндік береді. Simulink толығымен MATLAB-қа интеграцияланған, ол анализдеу және жобалау құралдарының кең спектріне тез арада кіруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Simulink шақырылған оқиғалардың тәртібін модельдеу үшін Stateflow-мен де интеграцияланған. Бұл артықшылықтар Simulink-ті басқару және коммуникация жүйелерін жобалау және сандық өндеу мен басқа да қосымшаларда модельдеу үшін ең танымал құрал екенін көрсетеді.

1 Алматы вагон жөндеу зауытының технологиялық процесі

1.1 Қесіпорынның қысқаша сипаттамасы

Қазіргі уақытта жаңа вагондардың қузовтарын жинау үшін ауданы 10000 шаршы метрді құрайтын цех құрылды, осы цехта вагондардың электр жабдықтарын жөндеу жүргізілетін болады.

1.2 Цех және зауыт территориясы бойынша вагондардың өтуінің қысқаша схемасы

- вагонды жөндеуге қабылдау және тапсыруышының қатысуымен ақау тізімдерін құрастыру;
- вагондарды көтеру, түсіру және жөнделген вагон асты арбаларды тегістеу және таптау ВЖЦ-ның бірінші позициясында болады;
- вагондардың түйіндері және толық комплектовкалауды жөндеу ағаш өндейтін цехта және ұстахана-сығу бөлімшелерінде өндіріледі;
- вагондарды электр жабдықтаудың түйіндері, ауаны кондиционерлеудің жүйелері, ауа райы қондырғылары, радион қондырғыларды және бөлшектерді жөндеу тиісті бөлімшелерде электр жөндеу цехінде өндіріледі;
- барлық жөнделген все комплект жасалған бөлшектер және түйіндер алдында айтылған цехтардың жұксаяуытында ВЖЦ-на беріледі, тиісті позицияда олардың монтажы вагонда өндіріледі;
- жиналған вагон, су құбырларын және жылу жүйесін толтырудан кейін маляр қоймасына беріледі және вагон шанағын жуу, төсеме бояу, шпатлевкалау, түске бояу және қабылданған технологияға сәйкес өндіріледі;

1.3 Өндірістік құрылым

Өндірістік құрылымның басты буыны вагон жинау цехи болып табылады (ВЖЦ). Ол ені 24 метр және ұзындығы 112 метрлі цехтардың блогы бір аралықта орналасқан. Цехта әрқайсысында 5 жөндеу позициясы бар 3 жіптен тұрады. Цехтың жөндеу фронты – 15 вагон.

Алғашқы 6 позициясында вагонды көтеру және түсіру, вагон асты жабдықтарды жөндеу, екпінді-тіркейтін құралдарды ауыстыру, тұтқалы беру және тежегішті жөндеу, әуелі магистралдарын, вагон асты жәшіктерін және тағы басқаларын өндіріледі.

Келесі позициясында вагонды бөлшектермен және жылу жүйесінің түйіндерімен және су құбырларын (қазандар, ауа қыздырғыштар, бактар, трубалар, цирк, насос және т.б.) өндіреді, бұл жүйелерді жинау жүргізіледі, бір мезгілде жөнделеді немесе сыртқы гарнитура бөлшектері ауыстырылып, вагон сумен толтырылады және келесі ВЖЦ позициясына жіберіледі;

Бұл жерде вагондардың ішкі жабдықтарына ағаш бұйымдарын жүктеу өндіріледі, сонымен қатар жиһаздардың, ағаштардың, рамалардың монтажы яғни ағаш шеберлік жұмыстары өндіріледі.

Келесі позицияда өткізгіштердің алмастыру және электрошлифтерді жөндеу, радио қондырғыларын, электр бөлшектерін монтаждау бойынша электрслесарлар жұмыс істейді;

ВЖЦ сонғы позициясында алдыңғы позицияда бітпеген жұмыстар аяқталады, жиналмалы бөлшектердің барлығы вагонға орнатылады, ТББ қызметкерлерінен өндірілген жұмысты өткізгеннен кейін вагон ағарту бөлімшесіне жіберіледі.

Сырлау бөлімшесі (СБ) ВЖЦ-на паралель орналасқан, әр қайсысы 5 позициядан тұратын 2 жіпке ие. Цехтың жұмыс істеу фронты 10 вагон. Ағарту цехының технологиялық процесі ағынды қағидаға негізделген. Цех жылжымалы арбалармен және басқа қажетті жабдықтармен және тетікпен жабдықталған. АБ барлық бес позициясы тек бір ғана екі қатаң тізбекпен орындалатын операцияны орындауға мамандандырылған.

КЖ-2 және КҚҚЖ көлемдегі вагондар толық жөндеуден өту кезінде КЖ-1 көлемдегі вагондар техникалық жағдайына байланысты сырлау бөлімшесіне түспес бұрын вагондар ВДЦ территориясында орналасқан кузов механикалық тазартудан өтеді, яғни вагондарды ескі бояуынан және шпатлевкасынан металлға дейін тазартады.

Дөңгелек арбалы цех (ДАЦ) вагон жөндеу цехының негізгі блогында орналасқан. Жолаушы вагонының барлық түрімен жұмысы үшін керекті технологиялық қондырғылардың барлық тізімімен жабдықталған. Бұл цехта арба бөлшектері мен негізгі түйіндердің түйікталған бөлімше жұмысы бөлек үйимдастырылған. Мысалы: арба рамкасын жөндейтін бөлімше, беріліс тұтқасын жөндейтін бөлімше, редукторлы, тербелісті сөндірушілер бөлімі, жуу камерасы, арба бөлшектерін және рамаларды тазайтын құм арқылы тазалау камерасы, бояу және кептіру камерасы. Осы бөлімшелер мен бөлімдердің барлық жұмыс орындары жоғары сапа және өндөлген өлшемдердің қажетті дәлдігін қамтамасыз ететін, жоғары өнімді механикаланған және автоматтандырылған қондырғыларды қолдануға рұқсат беретін технологиялық процестің бөлек операциясына мамандандырылған.

Кәсіпорынның көрсетілген мақсатына жету үшін 500000000 теңге инвестициялау жобаланады.

2 Электрмен жабдықтау

Алматы вагон жөндеу зауыты қуаттary 4 МВА, кернеулері 35/6 кВ тен қуаттary 10000 кВА-лі 2 трансформаторлық қосалқы станциясынан қорек алады. Станциядан заводқа дейінгі аралық – 2,5 км. Зауыт екі сменамен жұмыс істейді. Зауыттың бас жоспары 2.1-суретте көрсетілген ал зауыт бойынша электр жүктемелері 2.1-кестеде берілген.


Кесте-2.1- Зауыт бойынша электр жүктемелері

№	Цехтар атаяу	ЭК саны	Нақты қуат	
			Жалғыз ЭК	Жалпылама
1)	Вагон дайындау цехы	30	1-30	800
2)	Жабдықтар цехы	3	5-20	50
3)	Вагон жинау цехы	20	5-60	820
4)	Дөңгелек арба цехы	15	5-60	400
5)	Сырлау бөлімшесі	10	5-30	100
6)	Құйма цехы	10	5-30	120
7)	Ағаш өндіреу цехы	10	1-40	100
8)	Үстаханалық-пресстік бөлімшесі	12	1-30	130
9)	Электр жөндеу цехы	11	1-60	325
10)	Жөндеу-дайындау цехы	9	1-20	50
11)	Электромашина цехы	12	1-28	160
12)	Насосты: а) 0,4 кВ б) синх.қозғ. 6 кВ	10 2	10-60 250	300 500
13)	Зауыт басқару	2	5	10
14)	Компрессорлық: а) 0,4 кВ б) синх.қозғ. 6 кВ	10 2	10-80 250	300 500
15)	Котельная	10	1-30	200
16)	Гараж	4	0,3-3	10

2.1 Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу

Зауыт цехтары бойынша кернеуі 1кВ-қа дейінгі электр жүктемелерді санау жеңілдетілген жол реттелген диаграммалар бойынша жүргізіледі. Цехтар бойынша күштік тағы жарықтану жүктемелерді есептеудің нәтижелері 2.2-кестеде жіне 2.3-кестеде енгізілген. Зауыттың БТҚС және цех ТҚС жайласу орынын дәлелдеу мақсатымен бағдарлау уақытында электр жүктемелер картограммасы құрылады.

Картограмма – зауыттың жалпы планында орналасқан шеңберлер. Шеңберлердің өлкесі таңдалған масштабта цехтардың есептелген жүктемелеріне үйлесімді келеді. Төменгі кернеулі жүктеме үшін картограмма цехтің жарықтандыру үлесі көрсетуі тиіс. Оны цехтің үйлесімді келетін шеңбердің секторы түрінде көрсетуге болады.



2.1-сурет. Алматы вагон жөндеу зауытының бас жоспары



2.2-сурет - Алматы вагон жөндеу зауытының спутникпен түсірілген фотосы

2.2 Цех трансформаторлар санын талғау тағы 0,4 кВ көрнеудегі реактивті қорабалы қарымталау

Цех трансформаторларының саны мен қуаты техникалық-экономикалық есептеулермен де, басқа факторлармен де ескеріледі: тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігі санаты; 1 кВ дейінгі реактивті жүктеме коэффициенті; әдеттегі (қалыпты) және авариялық режимдердегі трансформатордың кестелік жүктеме қабілеті; стандартты қуаттардың қадамы; жүктеме кестесі бойынша трансформаторлардың пайдалы каракеттік режимдері.

Есептеулер [1] сәйкес жүргізіледі.

Есептеулер үшін берілулер:

$$P_{p0,4}=2964 \text{ кВт};$$

$$Q_{p0,4}=1861 \text{ КВар};$$

$$S_{p0,4}=3500 \text{ кВА}.$$

Алматы вагон дұрыстау зауыты 2 санаттағы тұтынушыларға жатады, зауыт пар ауысыммен қарает істейді; сондықтан трансформатордың арту коэффициенті $K_{\text{тр}}=0,8$. трансформатордың қуаты $S=630 \text{ кВА-ға}$ бірдей қабылданады. Максималды есептік белсенді жүктемені ұстап түрегелу үшін керекті қуаты барабар цех трансформаторларының едің кем саны:

$$N_{m \min} = \frac{P_{p0,4}}{K_3 \times S_{\text{НТ}}} + \Delta N; \quad (2.1)$$

$$N_{m \min} = \frac{2964}{0,8 \times 630} = 5,88 + 0,12 = 6 \text{ дана},$$

мұнда $P_{p0,4}$ – соммалы есептік активті қуат;

K_3 – трансформатордың жүктелу коэффициенті;


$S_{\text{НТ}}$ – трансформатордың қабылданған номинал қуаты;

ΔN – ең жақын бүтін санға дейінгі қосымша.

Экономикалық саны: $Cte = N_{m \min} + m$, мұндағы m -қосымша трансформаторлар саны. $N_{t..3} * R / st$ күрделі шығындардың опалы құрамдас бөліктерін ескере отырып, реактивті күйлі беруге арналған үлестік шығындармен айқындалады. $Z * N / st = 0,5$; $KZ = 0,8$; $Min = 6$; $N = 0,1$ сондықтан $m=2$, әм $N_{t..e} = 6 + 0 = 6$ трансформатор. Трансформаторлардың таңдалған саны бойынша көрнеуі 1 кВ дейінгі трансформаторлар арқасында желіге берілетін максималды реактивті мұрша анықталады:

$$Q_1 = \sqrt{(N_{\text{тз}} \times S_{\text{HT}} \times K_3^2) - P_{p,0,4}^2}, \text{ квар;} \\ (2.2)$$

$$Q_1 = \sqrt{(6 \times 630 \times 0,8)^2 - 2964^2} = 601,8 \text{ квар.}$$



2.2-сурет. 0,4 кВ шиналарындағы реактивті қуаттар балансы

2.2-сурет шартты бойынша $Q_{\text{ТККБ 1}}$ шамасы анықталады:

$$Q_{\text{ТККБ 1}} + Q_1 = Q_{p,0,4}, \text{ квар;} \quad (2.3)$$

$$Q_{\text{ТККБ 1}} = Q_{p,0,4} - Q_1, \text{ квар;} \quad (2.4)$$

$$Q_{\text{ТККБ 1}} = 1861 - 601,8 = 1260 \text{ квар.}$$

Трансформаторлардың бұл тобы үшін $Q_{\text{ТККБ2}}$ төмен вольтты конденсаторлардың (TPKB) үстеме батарея кернеуі мынау формула бойынша анықталады:

$Q_{\text{ТККБ2}} < 0$ болғандықтан, $Q_{\text{ТККБ2}} = 0$ -деп қабылданады, сондықтан:

$$Q_{\text{ТККБ}} = Q_{\text{ТККБ 1}} + Q_{\text{ТККБ 2}}, \text{ квар;} \quad (2.5)$$

$$Q_{\text{ТККБ}} = 1260 + 0 = 1260 \text{ квар.}$$

Әр трансформаторға келісетін бір конденсаторлар батареясының қуаты анықталады:

$$Q_{\text{ТККБ ТКС}} = \frac{Q_{\text{ТККБ}}}{N_{\text{тз}}}, \text{ квар;} \quad (2.6)$$

$$Q_{\text{тккб ткс}} = \frac{1260}{6} = 209,9 \approx 210 \text{ квар.}$$

[2] әдебиеттен УКБН-0,38-200-50 УЗ типті конденсаторлар батареясы таңдалады.

Қисап айырысу нәтижелері бойынша 2.4 «цехтардың жүктемелерін ТКС бойынша бөлу» кестесі құрылады. Әлпет цех әлдекім жә пар трансформатор есебінде қабылданады. Цехтарды, олардың жүктемелерін ескере отырып, аумақтық бөлшек бойынша топтарға жиналады. STO1-STO 3 STO шинасына қосылған. Зауыттың жалпы жоспарында СТО1 – СТО3 (6/0,4 кВ) орналастырылады. Зауыттағы басты тұтынушылар-жоғары вольтты синхронды қозғалтқыштар (SS.) Олар жүзден шет цехтарда орнатылған, сондықтан цехтарда үлеу пункттері (ТП) орнатылады.

Кесте - 2.4 - ТКС бойынша цехтың төменгі кернеулі жүктемелерін есептеу

№ТКС S _н , Q _{тккб} ткс	№ ТКС номері	P _{p,0,4}	Q _{p,0,4}	S _{p,0,4}	K ₃
1	2	3	4	5	6
TKC 1 (2 · 630)	1	510,4	322,3		
	2	45,38	29,48		
	7	63,2	35,88		
	5	74	58,36		
	4	306,4	128,6		
		999,38	574,6		
			-400		
ΣS _н =2 · 630=1260 кВА Q _{тккб} =2 · 200=200 квар Барлығы		999,4	174,6	1015	0,8
TKC 2 (2x630)	3	622,8	263,5		
	10	37,68	22,27		
	15	241,9	205,3		
	11	95,74	68,18		
ΣS _н =2 · 630=1260 кВА Q _{тккб} =2 · 200=200 квар Барлығы		998,1	559,2		
			-400		
		998,1	159,2	1011	0,8
TKC 3 (2x630)	12	249,5	208,9		
	9	229	172,6		
	14	274,8	221,1		
	6	99,72	42,34		
	16	9,073	5,895		
	8	91,5	68,99		
	13	5,68	4,65		
	жарық.	6,796	3,262		
ΣS _н =2 · 630=1260 кВА Q _{тккб} =2 · 200=400 квар Барлығы		966,1	726,8		
			-400		
		966,1	327,6	1020	0,8

2.3 Q_{тккб} ТКС-н реактивті жүктемесі

Бастапқы берілулер:

$$Q_{p,0,4}=1841 \text{ квар};$$

$$Q_{\text{тккб}}=1260 \text{ квар}.$$

TKC 1: $Q_{p \text{ ткc } 1}=574,6 \text{ квар}$, $Q_{p \text{ тккб ткc } 1}=x$, онда

$$(2.7) \quad Q_{p \text{ тккб}} = \frac{Q_{\text{тккб}} Q_{p \text{ ткc } 1}}{Q_{p,0,4}}, \text{ квар};$$

$$= \frac{1260 \times 574,6}{1861} = 389 \text{ квар},$$

Қысқасы, нақтылы реактивті қуат: $Q_{\phi \text{ ткc } 1} = 2 \times 200 = 400 \text{ квар}$, ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{\text{нек}} = Q_{p \text{ ткc } 1} - Q_{\phi \text{ ткc } 1}, \text{ квар}; \quad (2.8)$$

$$Q_{\text{нек}} = 574,6 - 400 = 174,6 \text{ квар}.$$

TKC 2: $Q_{p \text{ ткc } 2}=559,2 \text{ квар}$, $Q_{p \text{ тккб ткc } 2}=x$, онда (2.7) формула бойынша есептеледі:

$$Q_{p \text{ тккб ткc } 2} = \frac{1260 \times 559,2}{1861} = 378 \text{ квар},$$

сонымен, нақты реактивті қуат: $Q_{\phi \text{ ткc } 2} = 2 \times 200 = 400 \text{ квар}$, ал компенсацияланбаған қуаты (2.8) формула бойынша:

$$Q_{\text{нек}} = 559,2 - 400 = 159,2 \text{ квар}.$$

TKC 3: $Q_{p \text{ ткc } 3}=726,8 \text{ квар}$, $Q_{p \text{ тккб ткc } 3}=x$, онда (2.7) формула бойынша есептеледі:

$$Q_{p \text{ тккб ткc } 3} = \frac{1260 \times 726,8}{1861} = 492 \text{ квар},$$

сонымен, нақты реактивті қуат: $Q_{\phi \text{ ткc } 3} = 2 \times 200 = 400 \text{ квар}$, ал компенсацияланбаған қуаты (2.8) формула бойынша:

$$Q_{\text{нек}} = 726,8 - 400 = 326,8 \text{ квар.}$$

2.5-кесте - ТКС бойынша $Q_{\text{ткк}}$ құаттарын анықтау (қорытынды)

ТКС нөмірі	Q_p ТКС, квар	$Q_{\text{пТКБ}}$, квар	$Q_{\text{ТКБ ТКСкомп, квар}}$	$Q_{\text{некомп, квар}}$
TKC № 1	574,6	389	400	174,6
TKC № 2	559,2	378	400	574,6
TKC № 3	726,8	492	400	326,8
Барлығы	1860,6	1259	1200	1076

2.4 10,5кВ шиналардағы электр жүктемелерін есептеу

TKC 1:

$$K_3=0,8;$$

$$N=2;$$

$$\Delta P_t = (1,31 + 8,5 \times 0,8^2) \times 2 = 13,5 \text{ кВт};$$

$$\Delta Q_t = 0,01 \times (2 + 5,5 \times 0,8^2) \times 2 \times 630 = 69,55 \text{ квар};$$

TKC 2:

$$K_3=0,79;$$

$$N=2;$$

$$\Delta P_t = (1,31 + 8,5 \times 0,8^2) \times 2 = 13,5 \text{ кВт};$$

$$\Delta Q_t = 0,01 \times (2 + 5,5 \times 0,8^2) \times 2 \times 630 = 69,55 \text{ квар};$$

TKC 3:

$$K_3=0,8;$$

$$N=2;$$

$$\Delta P_t = (1,31 + 8,5 \times 0,8^2) \times 2 = 13,5 \text{ кВт};$$

$$= 0,01 \times (2 + 5,5 \times 0,8^2) \times 2 \times 630 = 69,55 \text{ квар};$$

$$\Delta Q$$

Барлық трансформаторлардағы соммалы шығындар:

$$\Sigma \Delta P_{1-3} = 13,5 + 13,5 + 13,5 = 40,5 \text{ кВт}.$$

$$\Sigma \Delta Q_{1-3} = 69,55 + 69,55 + 69,55 = 208,65 \text{ квар.}$$

2.4.2 Синхронды қозғалтқыштардың есептік қуатын бағдарлау

ЖК жағындағы реактивті қуаттың орнын толтыру үшін 12-ші цехтан бастап қолданылады.

$$P_{н_{СК}} = 300 \text{ кВт}; \cos \varphi = 0,9; N_{СК} = 2; \kappa_3 = \beta = 0,8.$$

СК үшін есептік қуаты анықталады:

3 Зауытты электрмен жабдықтау, MatLab ортасында компьютерлік модельдеу

3.1 MATLAB программы

MATLAB (ағылшын тілінен қысқартылғанда «*Matrix Laboratory*» болады, ал орыс тілінде Матлаб деп айтылады) – техникалық есептеу тапсырмаларын шешуге арналған қолданбалы ақпараттар жиынтығы және осы жиынтықта қолданылатын ақпараттық тіл атап MATLAB-ты 1 000 000 астам инженерлік және ғылыми жұмыскерлер пайдаланады, ол қазіргі операциялық жүйелердің көпшілігінде жұмыс істейді, атап айтқанда [Linux](#), [Mac OS](#), [Solaris](#) (R2010b нұсқасынан бастап [Solaris](#) үшін тоқтатылды) және [Microsoft Windows](#).

Ақпараттық тіл ретінде 1970 ж. аяғында Нью-Мексико университетінің компьютерлік ғылымдар факультетінің деканы Клив Моулер ойлап тапты. Бұған себеп болған жағдай факультет студенттеріне Фортранды ақпараттық кітапханасын қолдану мүмкіндігін беру еді. Көп ұзамай тіл көптеген университеттер арасында таралды және қолданбалы математика саласында жұмыс істейтін ғалымдардың үлкен қызығушылығына ие болды. Қазірге дейін ғаламтордан Фортранда жазылған 1982 жылғы нұсқасын табуға болады. Инженер Джон Литтл бұл тілмен Клив Моулер Стенфорд университетінде 1983 ж. болған кезінде танысты. Ол жаңа тіл үлкен коммерциялық потенциалға ие екенін түсініп, Клив Моулермен және Стив Бангертпен бірікті. Бірігу арқылы олар Матлабты С тіліне өайта жазды және 1984 ж. ары қарай даму үшін [The MathWorks](#) компаниясын құрды. С тіліне жазылған бұл кітапхана үзак уақыт бойы ЯКСРАС атаяымен белгілі болды. Бастапқыда MATLAB тек басқару жүйелерін жобалау үшін арналған еді (Стив Литтлдің негізгі мамандығы), бірақ кейін көптеген ғылыми және инженерлік салаларда танымалдылыққа ие болады. Тағыда ол білім беру саласында кеңінен қолданылды, атап айтқанда сзыбықты алгебра мен сандық әдіс үшін қолданылды.

Simulink – динамикалық жүйелерді модельдеуге, имитациялауға және анализдуге арналған интерактивті құрал. Ол графикалық блок-диаграммаларды түрғызуға, динамикалық жүйелерді имитациялауға, жүйелердің жұмыс қаблеттілігін зерттеуге және жобаларды дамытуға мүмкіндік береді. Simulink толғымен MATLAB-қа интеграцияланған, ол анализдеу және жобалау құралдарының кең спектріне тез арада кіруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ


Simulink шақырылған оқиғалардың тәртібін модельдеу үшін Stateflow-мен де интеграцияланған. Бұл артықшылықтар Simulink-ті басқару және коммуникация жүйелерін жобалау және сандық өндіру мен басқа да қосымшаларда модельдеу үшін ең танымал құрал екенін көрсетеді.

3.2 Зауыт цехтары бойынша күштік жүктемелерді модельдеу

Кернеуі 0,4 кВ зауыт цехтары бойынша жарық жүктемелері мына формулалар бойынша есептеледі:


$$P_{yst.o} = \rho_o \cdot F, \text{ кВт},$$

Осы формулалардың компьютерлік моделі 3.1-суретте көрсетілген.



3.1-сурет. Цехтағы жарық жүктемесін есептеу блогы

Бұл жердегі сары түсті блогының моделі 3.2-суретте берілген.



3.2-сурет. Жарықтандыру жүктемесінің формуласы


$$P_{cm} = P_h \times K_i, \text{ кВт},$$

$$Q_{cm} = P_{cm} \times \operatorname{tg}\varphi, \text{ квар},$$

$$P_p = P_{cm} \times K_m, \text{ кВт},$$


$$S_p = \sqrt{P_p^2 + Q_{cm}^2}, \text{ кВА.}$$

Осы берілген формулалардың компьютерлік моделі 3.2-суретте көрсетілген.




3.2-сурет. Цех бойынша күштік жүктемені есептеу блогы

Бұл суреттегі қызыл түсті математикалық операциялар бастапқыда берілген тұрақты шамалар. Ал жысыл түсті дисплейлар жүктемелердің мәндері. Жоғарыдағы қарастырылып отырған формулалар күштік жүктемелерді есептеу блогында орналасқан. Ол блог 3.3-суретте көрсетілген.




3.3-сурет. Күштік жүктемелерді есептеу формулалары

Дал осы блогтар арқылы зауыттағы барлық барлық жүктемелер есептеледі де 3.4-суреттегідей бір блогқа жинастырылады.




3.4-сурет. Зауыт жүктемелерінің есептік қуаттары

Барлық цехтағы есептік қуаттардың номиналды қуаты 3.5-суретте көрсетілгендей келесі блогта есептеледі.




3.5-сурет. Зауыт бойынша электр жүктемелердің суммарлы номинал қуаттарын есептеу блогы

Суммарлы номиналды қуаттары есептелгеннен кейін одан кейінгі блогта толық қуаты есептеледі де активті, реактивті және толық қуаттарының шамалары алынады. Толық қуатты есептеу формуласы 3.6-суретте көрсетілген.




3.6-сурет. Толық қуатты есептеу формуласы

Толық қуат есептелгеннен кейін зауыттағы цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты қарымталауын есептеу, төмен кернеулі конденсатор батареясын таңдау. Мұндай есептеулер келесі суреттер бойынша жүреді. Ең алдымен цех трансформаторларының минималды саны есептеледі. Есептелудің моделі 3.7-суретте көрестілген.




3.7-сурет. Цех трансформаторларының минималды санын есептеу

Цех трансформаторларының минималды санын есептеп алғаннан кейін трансформатордағы төмен кернеулә конденсатор батареясының қуаты есептеледі. Осы қуатқа байланысты төмен кернеулі конденсатор батареясы тандалынады. Бұл есептік процесс 3.8-суретте көрсетілген.




3.8-сүрет. Төмен көрнекілі конденсатор батареясын таңдау блогы




3.9-сүрет. ТКС-на жүктемесіне байланысты жинақталған блогы

ТКС-на жүктемесіне байланысты жинақталған блогындағы есептеу амалдары өуаттарды есептеу блогында орналасқан. Оның модельдік блогы 3.10-сүретте көрсетілген.



3.10-сурет. ТКС-на жүктемесіне байланысты жинақталған блогындағы есептеу блогының моделі

Дәл осылай зауыттағы цехтар ТКС-ғы трансформатор қуатына байланысты жинақталады. Осы барлық есептеудердегі блогтар тізбектей орналасады. Зауытты электрмен жабдықтау процесінің жалпы компьютерлік моделі 3.10-суретте көрсетілгендей орындалады.



3.10-сурет. Зауттың компьютерлік моделі

4 Сыртқы электржабдықтаудың нұсқаларын техника-экономикалық жағынан салыстырып таңдау


4.1 Есептеу жолы

Өнеркәсіптік электр жабдықтарын оңтайландыру мәселелерін шешуде әлденешеу нұсқаларды салғастыру туіс. Өнеркәсіптік энергетиканы есептеудің сандаған нұсқаларының болуы техникалық-экономикалық есептеулерді керек етеді. Мата есептеулердің мақсаты-тізбектің ыңғайлы (ұтықты) нұсқасын айқындау, электр жүйесінің параметрлерін әлі оның элементтерін дәлелдеу. Алматы вагон дұрысырақ зауыты қуаты 4 МВА, кернеуі 35/6 кВ 10000 кВА тепе-тең 2 трансформаторлық қосымша станциядан қару алады. Энергия жүйесінің қосымша станциясынан зауытқа дейінгі қашықтық-2,5 км. зауыт қос ауысыммен іс істейді. Әрбір салыстырылатын әр қарызды шарт болуы туіс жә үшбу объектінің жоғарғы бөлімдерінде көрсетілген талаптарға, сондай-ақ ережелер бен жат дағы директивалық нұсқауларға (ПУ) сәйкесті келуі керек. Салыстырылған нұсқаларды техникалық-экономикалық құндау уақытында олардың құнының көрсеткіштері шешуші рөл атқарады, демек. капиталдың есептік шығыстары – К әм есептелген жылдық ұсталымдар – с. Электр жабдықтары элементтерінің есептеулері ұлғаймауы үшін кезмал қос мазмұн нұсқаның өзгеретін бөліктеріне қана есептеледі. Жабдықтар бен аппараттар олардың номиналды параметрлері, есептік жүктеме пен келте тұйықталу токтарының шамасынан аспайтын мәндері бойынша таңдалады. Өткізгіштердің көлденең қимасының аудандары токтың экономикалық тығыздығына, жылуға әлі молақ тұйықталу тогына сәйкесті анықталады. Әрбір жылдық С өндірісін есептік ұстап қалу мыналардан алынады: сw энергия шығындарының құны, Са амортизациялық аударымдары әлі ағымдағы дұрыстау шығындары ср. яғни, с мәні: $C = C_w + Ca + Cr$. Пар нұсқаны салыстыра отырып, З олардың тиімділігін болжалды шығындардың минимумына орайлас тандайды: $Z = C + RH_K$, мұндағы $R_H = 0,6$ -тиімділіктің нормативтік коэффициенті. Ағымдағы дұрысырақ шығындары темірбетон тіректеріндегі кабельдік желілер бен көк желілері үшін құрылым құнының 0,5% әм жанама станция үшін 1,0% құрайды. Кезмал жобада

ГДР электр жабдықтарының 2 нұсқасы салыстырылады. 1-нұсқа бойынша 2,5 км қашықтықта орналасқан қуаты 4 МВА, кернеуі 10000 кВА пара-пар 35/6 кВ 2 трансформаторлық үстеме станциядан, кәнеки 2-нұсқа бойынша-6,3 кв трансформатор орамасынан шарық желісін жаю. Амортизация нормалары келесідей қабылданады (4.1-кесте:)

4.1.1. 1-ші нұсқа

Ең алдымен энергожүйе қосалқы станциясының электржабдықтау сұлбасы сзылады. Оның сұлбасы 4.1-суретте көрсетілген.



4.1-сурет. Электржабдықтау сұлбасының 1-ші нұсқасы.

1-ші нұсқа бойынша электржабдықтар таңдалынады.

а) БТКС трансформаторларын тандау:

$$S = \sqrt{P_p^2 + Q_\theta^2}, \text{ кВА}; \quad (4.1)$$

$$S = \sqrt{2962^2 + 599,1^2} = 3021,98 \text{ кВА.}$$

Оның паспорттық берілулері 4.2-кестеде көрсетілген.

Жүктелу коэффициенті:

$$K_3 = \frac{S_p}{2 \times S_H}, \quad (4.2)$$

$$K_3 = \frac{3021,98}{2 \times 2500} = 0,6$$

4.2-кесте - Трансформатордың паспорты

Трансформатор түрі	S_H , кВА	U_{BH} , В	U_{HH} , В	I_{XX} , %	U_{K3} , %	ΔP_{K3} , кВт	ΔP_{XX} , кВт
TMH 2500/35/6,3	2500	35	6,3	1	6,5	23,5	4,1

1) активті:

$$\Delta P_{TBTKC} = 2 \cdot (\Delta P_{XX} + \Delta P_{K3} \cdot K_3^2), \text{ кВт}; \quad (4.3)$$

$$\Delta P_{TBTKC} = 2 \cdot (4,1 + 23,5 \cdot 0,6^2) = 25,12 \text{ кВт.}$$

2) реактивті:

